



**ЖАҢАРУ ҮШІН
ДАУЫС БЕР!**

АУДАН ӘКІМДІГІНДЕ

АЛТЫ АЙДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ҚАНДАЙ?



Жамбыл ауданы – өнеркәсіпте де, ауыл шаруашылығында да әлеуетке ие өңірлердің бірі. Сондай-ақ экономиканың барлық саласы бойынша жыл сайын тұрақты өсімін көрсетіп келеді. 2026 жылдың 6 айының қорытындысы бойынша өңірде барлық бағыт бойынша даму бар. Оған біз аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлының төрағалығымен өткен аудан әкімдігінің кезекті мәжілісінде көз жеткіздік.

Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Әуелі күн тәртібіндегі негізгі мәселе – Жамбыл ауданының 2026 жылдың 6 айындағы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің орындалуы туралы аудан әкімдігі экономика және бюджеттік

жоспарлау бөлімінің басшысы Салтанат Жолдасова баяндама жасады.

Хабарламашының айтуынша, өнеркәсіп саласында бірқатар жұмыстар атқарылған. Атап айтсақ, осы жылдың қаңтар-маусым айларында өнеркәсіп өндірісінде 25,1 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, нақты индекс көлемі 102,9 пайызды құраған. Негізгі капиталға салынған инвестиция



көлемі 21,3 млрд теңгеге жеткен. Оның ішінде жеке инвестиция көлемі 19 млрд 167 млн теңгеге, орман және балық шаруашылығындағы негізгі капиталға салынған инвестиция 18,4 пайызға, өңдеу өнеркәсібіндегі негізгі капиталға салынған инвестиция 9,9 есеге артық орындалса, тамақ өнімдерін өндірудегі негізгі капиталға салынған инвестиция 29,7 пайызға кем орындалған. Ал ауыл шаруашылығы саласында жалпы өндірілген өнім көлемі 12,1 млрд теңгені құрап, нақты индекс көлемі 109,1 пайызға орындалған.

→ 2

ӨНЕР

Үйірме – баланың шығармашылық қабілетін арттыратын басты жол

Жаз мезгілі – балалардың да, ұстаздардың да демалысқа шығатын уақыты. Мектеп бітіріп, оқуға түсетіні оқуға түсіп жатыр. Ауыл-ауылдағы үйірмелерде жыл бойы жұмыс тоқтамайды. Әсіресе, қазіргі таңда балалардың бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында ашылған үйірмелер демалыссыз жұмыс жасап жатыр. Үйірмелердің арқасында балалар болашаққа өз таңдауын жасап, барар бағытына нық қадам жасай бастады. Солардың бірі – Ащыбұлақ ауылдық клубының жанынан ашылған «Сөз маржаны» көркемөз және поэзия (айтыс) үйірмесі.

Үйірме жұмыстары қолға алынған сәттен бастап қаншама бала марапатталып, қаншама баланың жолы ашылды. Сауаттылығы артты. Өмірге деген көзқарастары өзгерді, өз жолына тура қарайтын ұрпақ қалыптасты. Өлең жазуды үйреніп, шығармашылыққа бет бұрды. Мәнерлеп өлең оқып, дикциясын қалыптастырды. Ел алдына шығуды үйренді, тіпті домбыра алып, айтысатын болды. Үйірмеде ай сайын ақын-жазушылар мен көрнекті қайраткерлерге, даталы күндерге байланысты іс-шаралар балалармен бірге өткізіледі. Ақын-жазушыларды таниды. Диктант жазып, сауатын арттырады. Ертегілер оқып, монологтар мен өлең-жырлар жаттайды. Байқауларға, мұшәйраларға, жарысқа қатысады. Бұның бәрі – баланың дүниетанымын кеңейтіп, білімін қосымша жетілдіруге арналған істер.



«Сөзі түзелген жұрттың өзі де түзеледі» демекші, балалардың көше баласына айналып кетпеуіне, телефонның құрбаны болмауына игі ықпал етіп келеміз. Ауыл бойынша емес, аудан бойынша алдыңғы топта келеміз десек, артық айтқандық емес. Оның дәлелі – мектепаралық, ауданаралық байқаулардан үйірмеге қатысушы балалардың жиі топ жарып келуі. Баланың бір қуанышы – көпке

ортақ. Ата-анасынан бөлек, оқыған мектебі де, ұстаздары да марқайып қалады емес пе?! Ол – кім-кімге болса да мәртебе. Жетістікке жету, ел алдында өз білімін көрсету әр баланың талпынысын күшейтеді, жігерлендіреді, білімге деген құштарлығын арттырады.

→ 4

СЕССИЯ

Сәрсенбі күні аудан әкімдігінің кіші мәжіліс залында аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы мен аудандық Қоғамдық кеңестің төрағасы Рүстем Бегалиевтің қатысуымен сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті елу тоғызыншы сессиясы болып өтті.

ӨНІРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ САРАЛАНДЫ

Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Аудандық мәслихаттың төрағасы Мұхтар Шайдаев ашып, жүргізген сессияның күн тәртібіндегі негізгі мәселе – аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлының өзіне жүктелген функциялары мен міндеттерінің орындалуы жөніндегі есебі тыңдалды.

Өңір басшысы биылғы жылдың қаңтар-маусым айларында ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштері жоғары болғанын атап өтті. Өнеркәсіп өнімінің көлемі 2,9 пайызға, ауыл шаруашылығы 9,1 пайызға, негізгі капиталға салынған инвестиция 2,6 пайызға, сауда 2,6 пайызға, тұрғын үй құрылысы 0,2 пайызға өскенін жан-жақты баяндады.

Аудан басшысының айтуынша өнеркәсіп саласында 25,1 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, нақты көлем индексі 102,9 пайызды құрады. Бүгінде ауданда 12 шағын өнеркәсіп жұмыс істеп тұр. Сонымен қатар жалпы құны 65 млрд теңгені құрайтын 14 ірі инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланған. Оның ішінде «АзНұр» шаруа қожалығының тауарлы сүт фермасы іске қосылып, бірқатар жобаның құрылысы қарқынды жалғасуда. Сондай-ақ «Кнауф-Гипс-Тараз» зауытын кеңейту, «KEGOC» қосалқы стансасы, «Juru-Masdar» электр желісі, бу-газ қондырғыларын өндіру зауыты, балық шаруашылығы, көкөніс сақтау қоймасы және басқа да өндірістік жобалар кезек-кезеңімен жүзеге асырылуда.

→ 2

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІҢ НЕГІЗІ

Қазақстан халқы қазір мүлде жаңа саяси жағдайда өмір сүруде. Соңғы 5 жылда ауқымды реформалар жасалды. Еліміздің саяси жүйесі түбегейлі өзгерді. Жұрттың сана-сезімінде бетбұрыс болып жатыр. Халықтың құқықтық мәдениеті артып келеді. Азаматтардың бойында жаңа әдеттер, дағдылар қалыптасып, жаңа құндылықтар орнығуда. Саяси және қоғамдық болмысымыз, менталитетіміз және мәдени кодымыз өзгере бастады. Бір сөзбен айтқанда, әділетті Қазақстан құрылу үстінде.

Бұл ретте «Заң және тәртіп» қағидатын жаппай дәріптеуіміз керек. Қазақ халқы – қай заманда да заңға бас иген, дала заңын сақтаған халық. Бұл – біздің қанымызға сіңген асыл қасиет. Заң – қысым көрсетуге немесе қудалауға арналған құрал емес. Заң – әр адамның құқығы мен бостандығының қорғаны. Бізде осы ақиқатты терең түсінетін азаматтық және мәдени орта қалыптасып келеді. Тәртіп – жалпыға ортақ құндылыққа, ал заңға бағыну – әркімнің өмір салтына айналуға тиіс.

→ 2

Соңы. Басы 1-бетте

ӨҢІРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ САРАЛАНДЫ



Ауыл шаруашылығы саласында жалпы өнім көлемі 12,1 млрд теңгеге жетті. Биыл 51,7 мың гектар алқапқа ауыл шаруашылығы дақылдары егілді. Қазіргі таңда астық пен көкөніс өнімдерін жинау науқаны жалғасып жатыр. Сонымен бірге ауыл шаруашылығы техникасы жаңартылып, ветеринариялық пункттер пайдалануға берілуде.

Инженерлік инфрақұрылымды дамыту бағытында суару каналдарын тазалау, бетондау, елді мекендерді ауызсумен және табиғи газбен қамтамасыз ету жұмыстары жүйелі жүргізілуде. Бүгінде ауданның

барлық елді мекені табиғи газбен толық қамтылған.

Тұрғын үй саласында биыл 23,9 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. «Отбасы банк» арқылы азаматтарға баспана кілттері табысталып, әлеуметтік осал топтарға арналған тұрғын үйлер сатып алынуда. Сонымен қатар жаңа тұрғын үй алқаптарына инженерлік-коммуникациялық желілер тартылып, жер телімдері кезек-кезеңімен берілуде.

Жол жөндеу, құрылыс, білім, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт салаларында да бірқатар

маңызды жобалар жүзеге асырылып жатыр. Қазіргі таңда мектептер, мәдениет үйлері, спорт кешендері салынып, әлеуметтік нысандарға жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Жұмыспен қамту бағытында жаңа жұмыс орындары ашылып, жастарды қолдау шаралары тұрақты жалғасуда.

Сессияда депутаттар ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты бірқатар сауалдарын қойып, аудан әкімі тарапынан нақты жауаптар берілді. Күн тәртібіндегі өзге де мәселелер қаралып, тиісті шешімдер қабылданды.

Соңы. Басы 1-бетте

АЛТЫ АЙДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ҚАНДАЙ?

Биылғы жылдың қаңтар-маусым айларында 5,9 млрд теңгеге құрылыс жұмыстары жүргізіліп, жалпы алаңы 23923 шаршы метрді құрайтын жеке тұрғын үй қабылданған. Бөлшек сауда тауар айналымы 10,6 млрд теңгеге, көтерме сауда айналымы 4,9 млрд теңгеге орындалған. 2026 жылға ауданның таза өзіндік кірістері 3,3 млрд теңгеге жоспарланып, есепті жылдың 6 айында 4,6 млрд теңгені құраған. Ауылдық округтердің өзіндік кірістері 239,3 млн теңгеге жоспарланып, 6 айдың қорытындысымен ауылдық округтердің өзіндік кірістері 373,8 млн теңгеге немесе жылдық жоспар 56,2 пайызға артығымен орындалған. Ал аудандық бюджеттің жоспарланған шығыс бөлігі 4,5 млрд теңгеге немесе 100 пайызға игерілген.

Аудан бойынша автомобиль жолдарын жөндеу және қалыпты жағдайда ұстап тұруға 392,4 млн теңге бөлініп, аудандық мәндегі Айшабиді-Қаратау елді мекендерін жалғап жатқан жол жөндеуде. Жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жергілікті маңызы бар автожолдар үлесі 98,4 пайызға жеткен. Сонымен қатар ауылшілілік

жолдарды жөндеуге аудандық бюджет есебінен 194,9 млн теңге бөлініп, жалпы ұзындығы 6,0 шақырымды құрайтын 5 жоба іске асырылуда. Бүгінде жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы ауылшілілік көшелердің үлесі – 92 пайыз.

Ауданда тұрғын үй кезегінде 2729 адам тұр. Оның 113-і жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бала, 605-і әлеуметтік әлсіз топтағы адам, 715-і көпбалалы отбасы, 295-і мемлекеттік қызметшілер, 1001-і санатсыз адам. Биыл халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 323,2 млн теңгеге 20 пәтер сатып алынды. Сондай-ақ аудандық бюджет есебінен тұрғын сертификаттарын беруге 20 млн теңге бөлінді. 12 азаматқа тұрғын үй сатып алу үшін алғашқы 10 пайыздық жарналар аударылды.

Ауданда жұмыссыз адамды жұмыспен қамту мәселесі де назардан тыс қалған емес. 2024-2029 жылдарға арналған еңбек нарығын дамыту тұжырымдамасы арқылы барлығы 3409 адамды жұмыспен қамту көзделсе, 2026 жылдың I жартыжылдығында 1828 адам жұмысқа орналасты. Жұмыспен

қамтылу деңгейі 53,6 пайызды құрады.

Денсаулық сақтау саласында есепті кезеңде өлім-жітім көрсеткіші 3,2 промилльді, оның ішінде саби өлімі 7,0 промилльді құраған. Ана өлімі тіркелмеген.

Ауданда 2026 жылдың қаңтар-маусым айларында 89 қылмыстық іс тіркеліп, тиісті кезеңмен салыстырғанда 7,3 пайызға төмендеген.

Биыл «Дипломмен – ауылға!» бағдарламасы аясында аудандық бюджет есебінен 20 маманға біржолғы көтерме жәрдемақы жоспарланған болатын. Алты айдың қорытындысымен 11 маманға 4 млн 757 мың теңге көтерме жәрдемақы төленді. Сондай-ақ 10 маманға 99 млн 475 мың теңгеге тұрғын үй алуға бюджеттік кредит жоспарланған.

Ж и н д а С а л т а н а т Қойшыбекқызы облыс әкімі мен аудан әкімі арасындағы келісімнің 2026 жылдың I жартыжылдығындағы орындалуына да кеңінен тоқталды.

Мәжілісті қорытындылаған

Ерлан Қыдыралыұлы күн тәртібінде қаралған мәселелер бойынша қаулы қабылдап, тиісті сала басшыларына нақты тапсырма берді.

Соңы. Басы 1-бетте

ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІҢ НЕГІЗІ

Бүкіл қоғам жұмылса, еліміз көздеген мақсатына жетеді. Озық ойлы ұлт болу үшін әдептілік, өзара құрмет, ұстамдылық, сыпайылық сияқты қасиеттерді барынша дәріптеген жөн. Ел азаматтары әдеп пен заңды мәжбүрлікпен емес, саналы түрде сақтауы керек.

Осы орайда жаңа Ата заң елдің даму бағытын айқындайтын тарихи құжат екенін атап өткен жөн. Азаматтарымыз тандаған жаңа Конституция Қазақстанның жаңа дәуіріне жол ашты. Енді мемлекетіміз дамудың даңғыл жолына түседі. Сондықтан бізге татулық пен достық, сабырлық пен табандылық, жасампаздық

пен ұқыптылық, еңбекқорлық пен сенімділік ауадай қажет.

Жаңа Конституцияның қабылдануы жалпыұлттық бірліктің салтанат құрғанын, жаңғыру стратегиясы мен реформалар жаппай қолдау тапқанын аңғартады. Қазақстанның бүгіні мен келешегі – жастардың қолында. Бұл – ұран емес, қарапайым өмір заңы, мемлекеттік саясатымыздың өзегі.

Осы және өзге де мәселелер аудандық орталық кітапхананың мәжіліс залында аудандық «Жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыруымен өткен «Жаңа Конституция – құқықтық мәдениет

пен қоғамдық тәртіптің негізі» атты семинарда кеңінен сөз болды. Аталған орталықтың заңгері Балнұр Қажығалиева жүргізген іс-шарада аудандық полиция бөлімінің ЮИП аға инспекторы, полиция майоры Мадияр Дүзелбаев, орталық директорының орынбасары Бақытжан Кикбаев тақырып төңірегінде келелі әңгіме өрбітіп, елімізде заң үстемдігі болмай, қоғамда тәртіп орнамайтынын айтты.

Соңынан семинарға қатысқан жастардан жаңа Конституцияға байланысты сауалнама алынды.

Ильяс ҚАЛЫБЕКҰЛЫ

БҮГІНГІ КҮН ТАҚЫРЫБЫНА

Қазіргі қоғамда «мінсіз болу» ұғымы адамға байқалмай қысым жасап отырғаны барлығымызға белгілі. Әлеуметтік желідегі әдемі бейнелер, табысты өмірдің жылтыр көрінісі, идеал тұлға бейнесі – мұның бәрі адамды өзімен салыстыруға итермелейтін жағдай. Соның салдарынан көптеген адамдар өз-өзін жеткіліксіз сезінеді, ішкі сенімін жоғалтады. Ал шын мәнінде, адамның құндылығы оның мінсіздігінде емес, шынайылығында екенін түсіне бермейді.

ӨЗІН-ӨЗІ ҚАБЫЛДАУ: КЕМШІЛІКТЕРМЕН ӨМІР СҮРУДІ ҮЙРЕНУ

Өзін-өзі қабылдау дегеніміз – бұл өзіңді тек жақсы қасиеттеріңмен ғана емес, әлсіз тұстарыңмен бірге толық қабылдай білу. Бұл – өзіңе деген құрметтің, ішкі жетілудің белгісі. Себебі адам өз кемшілігін мойындағанда ғана оны өзгертуге немесе онымен дұрыс өмір сүруге мүмкіндік алады.

Көп адам үнемі өз кемшіліктерін жасыруға тырысады. Олар «басқалар қалай көреді?» деген сұраққа тым тәуелді болып кетеді. Бірақ бұл жағдай ішкі еркіндігімізді шектейді. Шынайы еркіндік – өзінді өзгелердің бағасына қарамай қабылдай білу керектігін ұмытпайды.

Психологияда «ішкі сыншы» ұғымы жиі кездеседі. Бұл – адамның өзін-өзі үнемі сынап, кінәлап отыратын ішкі дауысы. «Сен жеткіліксізсің», «Сенде бірдене дұрыс емес» деген ойлар осы ішкі сыншының көрінісі болып табылады. Егер адам осы дауысты басқармаса, ол адамның өзін-өзі бағалауына үлкен зиян келтіреді. Сондықтан ішкі сыншыны тану, оның үнін бәсеңдету – өзін-өзі қабылдаудың маңызды қадамы екенін ұмытпауымыз қажет.

Өзін-өзі қабылдауды үйренудің тағы бір жолы – өзіңе мейірімді болу, қателескен кезде өзінді жазғырудың орнына, «Мен де адаммын, мен де үйреніп жатырмын» деп қарау маңызды. Бұл әлсіздік емес, керісінше психологиялық жетілудің белгісі.

Сонымен қатар, өзінді басқалармен салыстырудан бас тарту өте маңызды. Әр адамның өмір жолы, мүмкіндігі, тәжірибесі әртүрлі. Біреудің жетістігі – сенің сәтсіздігің емес, керісінше, әркімнің өз уақыты, өз бағыты бар.

Өзін-өзі қабылдау процесінде эмоцияларды да жоққа шығармай қажет. Көп жағдайда адамдар «жаман» эмоциялардан қашуға тырысады, бірақ қайғы, қорқыныш, ашу, бұлар да адамның табиғи күйі болып табылады. Оларды қабылдау арқылы ғана адам ішкі тепе-теңдікке жете алатындығын ескеруіміз керек.

Тағы бір маңызды нәрсе – өз жетістіктеріңді байқай білу. Көп адам тек қателіктеріне назар аударып, өздерінің кішкентай жетістіктерін елемейтін кездер де кездеседі. Ал дәл осы кіші қадамдар адамның өзіне деген сенімін қалыптастырады.

Өзін-өзі қабылдау – бұл бірреттік шешім емес, бұл – өмір бойы жалғасатын процесс. Кей күндері өзінді толық қабылдау оңай болса, кей күндері қиын болуы мүмкін. Бұл – қалыпты жағдай. Ең бастысы – өзіңе қарсы емес, өзіңмен бірге болуды үйрену.

Қазіргі қоғамда кейде «кемшіліктермен күресу керек» деген түсінік қалыптасқан, алайда кейбір кемшіліктер адамның ерекшелігі, оның даралығы болуы мүмкін. Оларды жою емес, түсіну және дұрыс бағытта қолдану маңызды болып табылады.

Өзін-өзі қабылдау – адамның ішкі тыныштығының, психологиялық саулығының негізгі тірегі. Өз-өзін қабылдай білген адам ғана шынайы бақытқа, еркіндікке және үйлесімді өмірге қадам жасайды. Себебі өмірдің ең маңызды қарым-қатынасы бұл адамның өзімен қарым-қатынасы болып табылады.

Айзат ЖАМАЛОВА,
аудандық «Жастар ресурстық орталығының» психолог маманы.

ДЕНСАУЛЫҚ

ҚЫЗЫЛША ЖӘНЕ КӨКЖӨТЕЛГЕ ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Қазіргі таңда жұқпалы аурулардың алдын алуда вакцинация ең тиімді және қауіпсіз әдістердің бірі болып табылады. Әсіресе қызылша мен көкжөтел аурулары балалар арасында кең таралып, ауыр асқынуларға әкелуі мүмкін. Сондықтан осы ауруларға қарсы уақтылы екпе алу – әрбір ата-ананың жауапкершілігі.

Қызылша – өте жұқпалы вирустық ауру. Олауа-тамшы жолы арқылы таралады және қызба, жөтел, мұрыннан су ағу, көздің қызууы, денеге бөртпе шығу сияқты белгілермен сипатталады. Қызылша пневмония, энцефалит сияқты ауыр асқынуларға, тіпті өлімге әкелуі мүмкін. Аурудың алдын алудың ең сенімді жолы – вакцинация.

Көкжөтел – тыныс алу жолдарының жұқпалы ауруы. Оның негізгі белгісі – ұзақ уақытқа созылатын ұстамалы жөтел. Әсіресе нәрестелер үшін өте қауіпті, себебі тыныстың тоқтап қалуына, өкпенің қабынуына және басқа да асқынуларға себеп болуы мүмкін.

Вакциналар ағзаның иммундық жүйесін күшейтіп, инфекциямен күресуге көмектеседі. Екпе алған адам аурудан қорғанып қана қоймай, айналасындағы адамдардың

да қауіпсіздігіне үлес қосады. Ұжымдық иммунитет қалыптасқан жағдайда инфекцияның таралу қаупі айтарлықтай төмендейді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес балалар қызылшаға, көкжөтелге және басқа да қауіпті инфекцияларға қарсы тегін вакцина алады. Сондықтан ата-аналарға профилактикалық егулерден бас тартпай, балаларын белгіленген мерзімде вакцинациялауға шақырамыз.

Вакцинация – әрбір баланың денсаулығы мен қауіпсіз болашағына жасалған маңызды қадам. Өз денсаулығыңызды және жақындарыңыздың денсаулығын қорғаңыз, екпені уақтылы алыңыз!

Байділда ШИНАЛИЕВ,
облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы.

КЕЗДЕСУ

ШЕКАРАШЫ ҚЫЗМЕТІ – ӨМІР МЕКТЕБІ



Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Жамбыл облысы бойынша департаментіне қарасты Б.Момышұлы атындағы шекара бөлімшесінде «Анаға тағзым» облыстық отбасылық даму әлеуметтік орталығы қызметкерлерінің қатысуымен «Біздің елдің жігіттері» атты тағылымды кездесу өтті.

Шұғыла АҚШАБАЙ



Жамбыл ауданы бойынша шекара басқармасы бастығының орынбасары, полковник Данияр Сарымсақовтың бастамасымен, тәрбиелік, идеологиялық және кадрлық жұмыстар бөлімінің аға офицері, майор Алтынбек Манарбекұлы мен кітапхана меңгерушісі Камила Әбсеметованың ұйымдастыруымен өткен

басқосуда әскери қызметшілердің Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, рухани-адамгершілік құндылықтарын нығайту, әскери ортаға бейімделуіне қолдау көрсету көзделді. Солай болды да.

Жиында сөз сөйлеген «Анаға тағзым» облыстық отбасылық даму әлеуметтік орталығы әлеуметтік даму және отбасы құндылықтарын қолдау бөлімінің басшысы Қымбат Қаржауқызы әскери қызмет әрбір азаматтың мінезін шыңдайтын үлкен өмір мектебі, бұл ретте, тәртіп, табандылық, жауапкершілік пен

төзімділік ел қорғаны болатын азаматтың негізгі қасиеттері екенін айтты. Жас сарбаздармен ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі шекарашылардың жауапты қызметі туралы ой бөлісіп, әскери өмірдің маңызын жан-жақты талқылады. Сарбаздарға үйде күтіп отырған ата-ананың сенімін ақтап, әскери міндеттерін абыроймен атқаруға тілектестігін жеткізді.

Келесі кезекте орталықтың психолог маманы Аида Назымбекова «Өзіңді таны» психологиялық тренингін өткізді. Арт-терапия элементтері енгізілген тәжірибелік жаттығулар жас сарбаздардың эмоциялық тұрақтылығын арттыруға, өзара сенімді нығайтуға және ұжымдық қарым-қатынасты дамытуға сеп болды. Сарбаздар өз кезегінде есте сақтау қабілетін дамытуға арналған тапсырмаларды орындап, тақырып төңірегінде пікір алмасты.

Бұл келелі кездесудің тәрбиелік мәні ерекше. Жас-тардың патриоттық тәрбиесін жетілдірудің маңызы зор. Өйткені, әскери қызмет барысында рухани қолдау көрсету сарбаздардың бойындағы сенімді күшейтіп, олардың жауапкершілік сезімін қалыптастыруға ықпал етеді. Ұжымдағы жағымды психологиялық ахуалды, жас буынның азаматтық ұстанымын қалыптастырады. Кәсіби әрі тұлғалық дамуына оң әсер етеді. Отансүйіштікке тәрбиелеуге септігін тигізеді.

ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

QR-код, пациенттің жеке профилі және сапаны бағалау: денсаулық сақтаудағы «халықтық бақылау» қалай күшейеді?

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры (ӘМСҚ) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында азаматтарға арналған цифрлық сервистерді дамыту жұмыстарын жалғастырып келеді. Бұл туралы Қордың баспасөз қызметі хабарлады.

2026 жылы МӘМС 2.0 трансформациясы аясында негізгі басымдықтардың бірі – eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы денсаулық сақтау саласындағы «халықтық бақылау» тетіктерін кеңейту. Қазіргі таңда eGov Mobile пайдаланушылары өздерінің МӘМС жүйесіне қатысуы туралы мәлімет алып, сақтандыру мәртебесін тексере алады. Сонымен қатар жүйеге аударылған жарналар мен аударымдар туралы ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігі бар.

Жақында денсаулық сақтауды қаржыландыруға арналған «Qalqan» цифрлық сервисінде медициналық ұйымдарға арнайы QR-код беру тетігі іске қосылды. Пациент осы QR-кодты сканерлеу арқылы медициналық ұйымға нақты жүгінгенін растай алады. Бұл медициналық көмектің ашықтығын арттырып, көрсетілген қызметтердің шынайылығын бақылауға мүмкіндік беретін қоғамдық бақылаудың алғашқы цифрлық құралдарының бірі болып саналады.

Келесі кезеңде eGov Mobile қосымшасындағы пациенттің жеке профилі жаңа мүмкіндіктермен



толықтырылады. Онда азамат тіркелген медициналық ұйым туралы ақпарат, сақтандыру мәртебесі, МӘМС жүйесіндегі төлемдер тарихы, жарналар күнтізбесі және жеңілдік санатына қатысты мәліметтер көрсетіледі.

Сондай-ақ МӘМС бойынша қате немесе артық төленген жарналар мен аударымдарды қайтару жөніндегі мемлекеттік қызмет толық цифрлық форматқа көшіріледі.

ӘМСҚ Басқарма төрағасының орынбасары Индира Ерденованың айтуынша, жаңа «халықтық бақылау» тетігі азаматтарға eGov Mobile арқылы өздеріне көрсетілген медициналық қызметтердің тарихын қарап қана қоймай, олардың нақты

көрсетілгенін растауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар қосымшада медициналық көмектің сапасын бағалау және Қорға тікелей өтініш жолдау функциясы да қолжетімді болады.

«Бұл құралдар медициналық көмектің ашықтығын арттырып, қоғамдық бақылауды күшейтуге және негізсіз көрсетілген медициналық қызметтердің тәуекелдерін азайтуға ықпал етеді», – деді Индира Ерденова.

Алдағы уақытта мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, цифрлық сервистердің мүмкіндіктері одан әрі кеңейтіледі. eGov Mobile қосымшасына Электрондық денсаулық паспортты мен қаржылық паспорт енгізіліп, онда пациенттің алған медициналық көмегі, ем нәтижелері, көрсетілген қызметтердің құны және олардың ТМҚҚ мен МӘМС аясындағы қаржыландыру көздері туралы мәліметтер қамтылады.

Мамандардың айтуынша, цифрлық сервистерді дамыту азаматтардың МӘМС жүйесімен өзара іс-қимылын барынша ыңғайлы, ашық әрі пациенттердің қажеттіліктеріне бейімдеп, Қазақстандағы цифрлық денсаулық сақтау саласының дамуына жаңа серпін береді.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ баспасөз қызметі.

Дайырханова Әселкүл Тоқбергенқызы

Жамбыл ауданының Құрметті азаматы, еңбек ардагері, аяулы ана **Әселкүл Дайырханова** 76 жасқа қараған шағында өмірден өтті.

Әселкүл Тоқбергенқызы 1950 жылы 1 қазанда Жамбыл ауданының Қаракемер ауылында дүниеге келген. 1968 жылы орта мектепті бітіріп, 1969-1972 жылдары Жамбыл облысындағы Статистикалық техникумда оқып, бухгалтер мамандығын иеленген. Осы салада 34 жыл жемісті еңбек еткен.

Әселкүл апа саналы ғұмырын туған өлкесінің өркендеуіне арнап, кейін ауыл шаруашылығы саласында абыройлы қызмет атқарды. Кәсіпкерлікке бет бұрып, аудан тұрғындарына қалтқысыз қызмет көрсетіп, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына өз үлесін қосты. Ұзақ жылдар бойы «Берікқожа» жеке шаруа қожалығын басқарып, адал еңбегімен ел құрметіне бөленді.

5 ұл, 2 қыз тәрбиелеп өсірген ардақты ана 2010 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Алтын алқа» иегері атанды. Ерен еңбегі елеусіз қалған жоқ. Ол «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 25 жыл» мерекелік медалмен, «Облысқа сіңірген еңбегі үшін», «Жамбыл ауданына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгілерімен, 2018 жылы Жамбыл облысы әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталды. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстанның ауыл әйелдерінің II Форумы аясындағы «Шаруа қожалығының әйел басшысы» номинациясының жеңімпазы атанды.

Әселкүл Тоқбергенқызының жарқын бейнесі, адамгершілік қасиеті мен есепті еңбегі оны білетін жандардың жүрегінде мәңгі сақталады.


Марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыра көңіл айтамыз! Иманы саламат, жаны жәннатта болсын.

Е.ҚЫДЫРАЛЫҰЛЫ, Р.БЕГАЛИЕВ, М.ШАЙДАЕВ, Н.НЕСІПБЕКОВ, М.ДОСЫМБЕКОВА, Н.МҰХАШЕВ, С.СЕЛЕУБАЕВ, Б.СЫРЛЫБАЕВ, Т.ӘБДІБЕКОВ, Т.БӨЛЕКБАЕВ.

АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» дайын құжаттарды ХҚКО-дан жеткізу сервисі қолжетімді болатын мемлекеттік қызметтердің тізімін кеңейтіп жатыр. Алдағы бір ай ішінде қызметтер қатарына жылжымайтын мүлікті тіркеу, заңды тұлғаларды тіркеу және тарату, сондай-ақ білім беру саласындағы жекелеген мемлекеттік қызметтер қосылады. Бұл азаматтарға дайын құжаттарды алу үшін ХҚКО-ға қайта бармай, оларды көрсетілген мекенжайдан қабылдауға мүмкіндік береді.

ДАЙЫН ҚҰЖАТТАРДЫ ЖЕТКІЗУ ҚЫЗМЕТІ КЕҢЕЙТІЛУДЕ



Бүгінде 15 мемлекеттік қызмет түрі бойынша дайын құжаттарға тапсырыс беруге болады. Олардың қатарында мұрағаттық анықтамалар беру, баланың тууын және некені бұзуды тіркеу, азаматтық хал актілері жазбаларындағы мәліметтерді қалпына келтіру және куәліктерді қайта беру, білім туралы құжаттардың телнұсқаларын беру, сондай-ақ ресми құжаттарға апостиль қою қызметтері бар.

Құжаттарды жеткізу сервисіне тапсырысты мемлекеттік қызметті рәсімдеу кезінде беруге болады. Сервис ақылы негізде көрсетіледі. Республикалық маңызы бар қалаларда, яғни Астана, Алматы және Шымкентте қызмет құны 2061 теңгені, ал басқа өңірлерде 1036 теңгені құрайды.

Құжат дайын болған кезде қызмет алушының телефон нөміріне 141 нөмірінен бірегей растау коды көрсетілген SMS-хабарлама келеді. Қауіпсіздік

мақсатында кодты курьерге құжатты алған сәтте хабарлау қажет. Код дайын құжаттың тікелей өтініш берушінің өзіне табысталғанын растау үшін қолданылады. Сонымен қатар құжатты алу кезінде жеке куәлікті көрсету қажет.

Мемлекеттік корпорация үшін цифрлық сервистерді дамыту және мемлекеттік қызметтерді азаматтарға барынша қолайлы форматта ұсыну – негізгі бағыттардың бірі. «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы азаматтардың уақытын үнемдеуге, қызмет алу үдерісін жеңілдетуге және мемлекеттік қызметтердің қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік беретін заманауи шешімдерді одан әрі енгізуді жалғастырады.

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы.

Соңы. Басы 1-бетте

Үйірме – баланың шығармашылық қабілетін арттыратын басты жол

Негізі, әр бала өз болашағын қалыптастырудың сатыларын 5-6 сыныптан бастай беруі керек. Соған қарай ыңғайланып, өз барар бағытының іргетасын сол кезден бастап өреді. Сол жолда өзін шыңдау, жетілдіру керек. Мектептен білім алу дегенді аттестат алу деп қана түсінетін ұрпақтың санасын оятып, көзін ашып отыруды мектеп мұғалімдері түсіндіруі, ал ата-ана баланың ыңғайына қарай бағыт-бағдар көрсетіп, жол сілтеуі керек. «Болашақта кім болам?» деген сұрақты көбінесе 11-сынып басталғанда ойланатын оқушылар бар. Оған дейін уақыты келер деп жүре беруі мүмкін. Бірақ ол кеш болады. Алансыз жүреді де, 9-сыныпқа келгенде ҰБТ-дан қаша бастайды. Орта жолдан колледже түсіп, ертерек адам болуды ойлайды. Босқа мектепте кіріп-шығып, сапырылысып жүре бергенше іргемді қалап алайын дейді. Бір жағынан бұл дұрыс, әрине, баланы қай жағынан болса да адам қылып шығару қиын.

Мынадай жан-жақтан телефон жалпап тұрған сәтте баланы телефоннан суырып алып, сен мынаған бар, мынаны оқы, мынаны жатта деген сөз қазіргінің балаларына ауыр тиіп жатады. Кітап оқымайтын заманда кітапқа басын ию екінің бірінің қолынан келе бермесі анық. Бала деген шіркіннің көңілі далада емес, телефондағы ойында. Болашаққа деген көзқарасты бағдарламақ түгілі, көлденең жатқан бір затты жолдан былай алып тастай салуға ерінетін заман. Ата-ананың жүз айтқызып, мың қаксатып жататыны өтірік емес. Бір жағынан оларды да кінәлай беруге болмайды. Ауылда тұратын балалар үшін тірлік бітпейді. Жалыққанда телефон қарар дей салармыз, бәлкім. Дегенмен де баланың ойын телефоннан басқа жаққа бұру әрекетін істемей жатамыз. Осының бәрін бағыт беріп, оқу мен тәрбиесін қадағалайтын оның өз анасы.

Баламен бірге сабақ оқып, бірге жұмыс істеп отырса, ол баладан нәтиже шығады. Кейде анасы мен әкесі кешке дейін жұмыста жүретін балалар бар. Олар қараусыз қалып жатады. Көше кезеді, балмұздақ, чипсы жеп, сусын ішіп жүре береді. Тамақты да, сабақты да қадағалаусыз қалдырып кетіп жататын отбасылар бар. Ақша тастап кететін болу керек, дүкен жағалап жүреді. Қытайдың қытырлақ лапшасына тойып алып кетіп бара жатады. Осындайда ата-аналар да ойланса дейсің. Үйірмеге берейін, азаннан кешке дейін бір нәрсемен айналыссын дегенді, балам ең болмаса оқып, жазып үйренсін дегенді де ойланғандары дұрыс. «Осы менің балам не істеп жүр?» деген сұрақ әр ата-ананың көкейінде әр сағатта тұруы тиіс.

Баласына жаны ашитын ата-аналар да жоқ емес. Боксқа береді, биге береді, домбыраға береді. Қадағалайды. Баласының әр қадамын қызықтайды. Сабағын бірге оқып, әр ісіне араласып отыратын ата-аналар да бар. Солардың жетістігіне қуанып, бокстан, биден жеңімпаз болып



келсе, вокзалдан гүлімен қарсы алып, балам деп тұратын ата-аналарға риза боласың. Сондай талпынысты көрген бала неге көшеде бетімен қаңғырып жүрсін? Ата-ананың жылт еткен үміт отын жандырсам демей ме? Ата-анамды қуандырсам демей ме? Ертең үлкен сахналардан өнер көрсетіп, үлкен ареналардан шығып жатса, оқуға түсіп жатса, білікті маман атанып жатса, оның бірден-бір себепшісі үйірме болары анық. Ал үйірме – өнердің бастауы.

Үйірмеге келетін болсақ, «Сөз маржаны» көркемсөз және поэзия үйірмесіне қазіргі таңда 22 оқушы қатысады. Үйірме тәрбиеленушілері аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі әдеби, мәнерлеп оқу, эссе, мақала, жыр мүшәйрасы, айтыс және пәндік олимпиадаларда тұрақты түрде жүлделі орындарға ие болып келеді. 2025-2026 жылдары үйірме мүшелері «Шынның жүзі – Шераға», «Оқуға құштар жүректер», «Абай оқулары», «Әбіш оқулары», «Ілияс Жансүгіров оқулары», «Мағжан оқулары», «Мұқағали Мақатаев оқулары», «Бауыржан Момышұлы оқулары», «Жүз жыл жырлаған жүрек» аламан айтысы және басқа да байқауларда бас жүлде, I, II, III орындарды жеңіп алып, облыстық кезеңдерге жолдама иеленді. Облыстан бас жүлде алды. Үйірме қатысушыларының эссе, мақала, өлеңдері аудандық «Шұғыла-Радуга», облыстық «Арай» және республикалық басылымдарда жарияланып келеді.

Тәрбиеленушілер шығармашылық жазу, көркемсөз оқу және айтыс өнері бойынша жоғары нәтижелер көрсетіп, мектеп пен ауданның абыройын асқақтатуда. Әр оқушының ерекшелігі әртүрлі. Біреуі жаттауға бейім, біреуі шығарма жазуға, біреуі өлең жазуға, біреуі ауызша ойдан өлең шығаруға бейім, біреуінің даусы ерекше, біреуі айтысуға бейім, сахнаны жандыратын балалар бар. Барлығы да мықты, белсенді, алғыр балалар.

Атап айтсақ, үйірме түлегі Гүлдана Қожамжар ҰБТ-дан 130 балл жинап, мемлекеттік білім грантының иегері атанып, Алматы қаласындағы жоғары оқу орнына түсті. Үйірмеде жүргенде Абайдың 30-ға жуық қарасөзі мен 20-ға жуық өлеңін жатқа айтып, әдеби байқаулардың жеңімпазы болды. Кітап оқуға құмар, жаттау қабілеті жоғары, эссе жазуға бейім, ізденімпаз әрі білімге құштар шәкірт ретінде ерекшеленді. Кітаптан оқыған дүниелерді қойын дәптеріне түртіп алады.

Ал Дамира Желеубай «Оқуға құштар жүректер» облыстық байқауының бас жүлдесін жеңіп алды. Сонымен қатар «Серік Тomanов оқуларында» I орын, «Жыр алыбына тағзым» мүшәйрасында II орын, «Ілияс Жансүгіров оқуларында» III орын иеленіп, «Абай оқуларында» және «Әбіш оқуларында» II дәрежелі дипломмен марапатталды. Дауыс мәнері ерекше, өлең жазуға, айтысқа, мәнерлеп оқуға, жүргізушілікке және бейнеролик

түсіруге қабілетті, шығармашыл әрі белсенді оқушы. Қазіргі таңда Тараз қаласындағы Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжінің студенті.

Нұрғұл Қожамжардың да білімге деген құштарлығы басым. Кітап оқудың шебері. «Ой шебері» байқауына қатысып, жүлдегер атанған. Одан басқа да әдеби байқауларда тұрақты жүлдегер атанып келеді. Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін түгел жатқа оқиды. «Аққулар ұйықтағанда» поэмасының кез келген жерінен сұрасанып, жатқа айтады. «Серік Тomanов оқуларында» өлеңдерді жатқа айту бағыты бойынша II орын, «Ілияс Жансүгіров оқуларында» шығарманы талдау номинациясы бойынша II орын алды. Аудандық «Абай оқуларында» «Абайдың асыл мұрасы» номинациясы бойынша II дәрежелі дипломмен марапатталды. «Әбіш оқуларында» II дәрежелі диплом иеленіп, Жамбыл Жабаевтың 180 жылдығына арналған оқырмандар конференциясына белсенді қатысқаны үшін Алғыс хатпен марапатталды.

Келесі шәкіртіміз Інжу Оңлабек – мінезі ашық, жайдары қыз. Алғырлығы басым. Даусы ашық. Жаттауға, өлең оқуға бейім. Ол Жамбыл Жабаевтың 180 жылдығына арналған «Асыр ғұмырлы ғажап ақын» аудандық мәнерлеп оқу байқауында II орынға ие болды. Сондай-ақ жыр алыбына арналған оқырмандар конференциясына және «Үйірме – өнер бастауы» аудандық ақынды мектебінің есеп беру айтысына қатысып, шығармашылық белсенділігі үшін Алғыс хатпен марапатталды.

Ал Шапағат Нұрдәулетқызы педагогикалық мамандықты тандап отыр. Шапағат айтысқа қатысады, өлең жазады. Кітап оқып, талдауды жақсы көреді. Өте ұқыпты, әрбір сөзді жазып алып жүретін оқушы. Бірталай мүшәйрада жеңімпаз атанып, марапаттарға ие болған.

Садубай Маржан – М.Х. Дулати атындағы Тараз университетінің студенті. «Конституция – болашаққа бастар жол» эссе байқауында I орын, «Менің отбасым – менің мақтанышым» байқауында II орын, «Ұрпаққа ұран болған Ұлы Женіс» аудандық жыр мүшәйрасында II орын иеленді. Мақалалары

аудандық «Шұғыла-Радуга» және облыстық «Арай» газеттерінде жарияланған. Эссе, мақала және шығармашылық жұмыстар жазуға бейім, ойы жүйрік, қаламы қарымды жас.

Үйірмеге қатысушы Абай Досымның да орны ерекше. Өлең де жазады, өлең жаттауға да мықты, шығарма жазады, айтысқа қатысады, домбыра да тартады, арнау да айтады. Үлкен сахнаға шығуды еркін меңгерген. Дауыс мәнері де, тұрысы да ерекше. Ақындыққа бейімделіп келе жатқан оқушының бірі. Аудандық, облыстық айтыстарға үміткер. Байқау, мүшәйралардан бас жүлдені жүйіп алатын мықтыларымыздың бірі. Телеарналарға сұхбат беріп, газеттерге өлең-жырлары көрсетті. «Әбіш оқуларынан» бас жүлде иеленіп, облыстық кезеңге жолдама алды. «Ілияс Жансүгіров оқуларының» аудандық кезеңінде бас жүлдені жеңіп алса, облыстық кезеңде III дәрежелі дипломмен марапатталды. «Мағжан оқуларында» өлең жазудан I дәрежелі диплом иегері атанды. Республикалық «Мұқағали Мақатаев оқуларының» облыстық кезеңінде II орын иеленді. Жамбыл Жабаевтың 180 жылдығына арналған облыстық аламан айтыста II орын алды. Сонымен қатар «Бауыржан Момышұлы оқуларының» жеңімпазы атанып, аудандық «Жыр алыбына тағзым» мүшәйрасында III орынға ие болды. «Шұғыла-Радуга» газетінің 60 жылдығына арналған эссе байқауында III орын иеленді.

Аталмыш үйірмеден басқа да қабілетті жастар өсіп келеді. Бір-бірінен көріп үйренеді. Бір-біріне үйретеді. Өздерінше орта құрады. Достасады. Жамандыққа бармайды, жаман сөз айтпайды. Бұл да ұлттық тәрбиенің бір қыры емес пе? Балаларымыз үйірмеде жүріп, өлең жазуды, мақала жазуды, сахнаға еркін шығуды, айтысқа шығуды, өлеңді мәнерлеп оқуды, сауатты жазуды, сауатты сөйлеуді, өздерінің алған марапаттарын жинақтап, партфолье жасауды, ұқыптылық пен адами қасиеттерді үйренді. Болашақта бір-бір мықты маман иесі болары сөзсіз.

Біздің ауылда одан басқа «Самға» спорт және өнер орталығы жұмыс істейді. Ол жерде бокс, сурет салу, би, шахмат, каратэ үйірмелері бар. Оған қатысқан балалар да өз қабілетіне қарай бейімделіп жүр. Ашыбұлақ ауылдық клубында «Ақ әжелер ансамблі», «Әсем әуен» эн-вокал үйірмесі жұмыс жасап жатыр.

Ашыбұлақ ауылдық клубының «Сөз маржаны» көркемсөз және поэзия (айтыс) үйірмесінің оқушылары бір қызығы, бірі журналист, бірі филолог, бірі мұғалім, енді бірі әдебиетші мамандығын таңдады. Шығармашылық пен білім жолында өз жетістіктерін жалғастыруда.

Әсел НАЗАРАЛЫ,
Ашыбұлақ ауылдық клубының үйірме жетекшісі.



Меншік иесі:
«Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясы» ЖШС

Директор:
Айман ТЛЕУКЕЕВА

Бас редактор:
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98

Бас редактормен тікелей
байланыс: 87765549701

Бас редактордың
орынбасары:

Жауапты хатшы:

Тілшілер:

Дизайнер-теруші:

Бас редактордың

орынбасары:

Тілшілер:

Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Шұғыла АҚШАБАЙ

Ғалия АЛИЕВА

2-20-24

2-13-44

87059774177

87474240395

87770284244

87075853423

Редакция авторлардың көзқарасы,
жарнама мазмұны үшін жауап
бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап
қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясында компьютерде теріліп,
беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам
әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді.
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 1946 Тапсырыс №511

Нөмірдің кезекшісі: Шұғыла АҚШАБАЙ

Газет аптасына 2 рет,
сәрсенбі, жұма күндері
шығады.
Газета выходит 2 раза в
неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:
Индексі 080200, Аса ауылы,
Абай көшесі 78-үйі.